

## ЖШС «Жанару» бөбекжай - балабақшасы

### Меңгеруіш жанындағы кеңестің

#### №1 ХАТТАМАСЫ

07. 09.2020ж

Қатысқандар: 11

#### Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы (шолу тексеру)
2. Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту және №1 ата-аналар жиналысының өткізілуі.
3. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторингі
5. Алдағы мерекелік ертенгіліктерді жоспарлау.

**1.Тыңдалды:** Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы.

**Сөйледі:** меңгеруші С.Атыгаева - балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру жүргізілді. Балаларға қауіпсіз ортаны жабдықтау біздің міндетіміз. Топтар жиһаздармен толықтырылған кереуеттер саны жеткілікті, төсек-жаймалар 3 ауысымдық жеткілікті, ыдыс-аяқтар бар, бала санына жеткілікті, сүлгілер белгіленген арнайы ілгішке ілінген. Оқу құралдары, заттық дамытушы орта барлық топта бар. Ойыншық сөрелерінде сынған ойыншықтар жоқ. Дегенмен жұмыс барысында толықтыруды қажет ететін заттармен оның ішінде акт құралдарының санын арттырамыз. Барлық топ бөлмелері бейнебақылауда өз жұмыстарыңызға жауапкершілікпен қараңыздар деді. Балабақша жаңа оқу жылына толық дайын. Әдістемелік кабинет көрнекі-құралдармен, кітаптар мен толықтырылған.

**2.** Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Гаппарова сөйледі. Балабақшаға жаңадан келген балалардың ата-аналарымен күнделікті қабылдауда әңгімелесеп, ата-аналар сұрақтарына тәрбиешілер жауап беруде. Әрине баласы алғаш балабақшаға келген ата-аналардың тарапынан алаңдаушылықтар кей кезде артығымен болып кететіні рас. Дегенмен бұл біздің жұмысымыз, ата-аналармен сөйлескенде тәрбиешілер ата-аналардың сұрақтарына нақты жауап беріңіздер. Ата-аналармен

тікелей қарым-қатынас орнатып ұсыныс пікірлерін тыңдап, өздеріңіздің баламен жүргізетін жұмыстарыңызды таныстыруларыңыз қажет. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың негізгісі ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысы жылына 3 рет болады. Олар қыркүйек, желтоқсан, мамыр айларында өткізіледі. Қыркүйек айында жылдың басы болғандықтан ата-аналармен танысу, топпен таныстырып, белсенді ата-аналар комитетін сайлап аласыздар. Жиналыс қызықты, позитивке толы болып өтсе, тәрбиешілер бұл сіздердің жеңістеріңіз. Сондықтан барынша қызықты етіп жоспарлап өткізіңіздер. Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы ата-анамен ықпалдастықты арттыру, балабақшаға деген сенімділігін нығайту мақсатында жүргізіледі.

**3.** Үшінші мәселеде медбике Р.Мырзараимова сөз алды. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысын айтты. Баланың балабақшаға қажетті құжаттар тізімінде баланың денсаулық паспорты, егілу құжатының көшірмесі №06Занықтамасы бар. Баланың денсаулығының қалыпты екенін анықтайтын құжат баланың балабақшаға келген күнінен бастап алынады. Қазіргі кезде барлық балаларда тиісті құжаттар бар. Балабақшадағы балалардың денсаулығы қалыпты. Балабақша жұмыскерлері де, арнайы медициналық тексеруден өткен. Барлық қызметкерлер медициналық тексеруден өтіп, жұмысқа қабілетті жарамды делінген. Дәрігерлер тарапынан жұмыс жасауға рұқсат берілген.

**4.** Төртінші мәселеде Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторингі жүргізу туралы. Бастапқы бақылау алдыңғы жастағы топтың ІІ жарты жылдықтың күтілетін нәтижелері мәліметі негізінде жүргізілді. Әдіскер Н.Гаппарова мониторингпен оны толтыру жолдарымен тәрбиешілерді қысқаша таныстырып өтті. Тәрбиешілер жыл бойына жүргізілетін жұмыстарының бірі болғандықтан толық түсінгендерін айтты.

**5.** Бесінші мәселеде жылдық жоспарда жоспарланған мерекелік іс-шараларды өткізу, дұрыс ұйымдастырылуы жайында айтылды. Музыка жетекшісі С.Оразбаев сөз алды. Мерекелік ертеңгіліктер балабақшада эстетикалық тәрбие беруде ерекше орын алады. Олар бала сезіміне әсер ету құралы ретінде өнер мен көркемдік іс-әрекеттерінің түрлерін біріктіреді. Мерекелік ертеңгіліктерді өткізуге белгілі бір көркемдік-педагогикалық талаптарды қойғанымыз дұрыс.

Алда жоспарланып отырған мерекелер алтын күз, ұстаздар күніне орай ұйымдастырылатын тәрбиешілер сайысы туралы айтылды. Ертеңгілік тақырыбына және өткізіліп отырған жыл мезгілін бейнелейтін көркемдік

безендірулерге үлкен мән беріп, өнер туындыларының балаға тигізетін ықпалына да, баса назар аудара отырып сахнаны безендірсек. Жақсы дайындық ойласытырылған сценарий, дұрыс ұйымдастыру осының бәрі мерекедегі әр баланың көңіл-күйімен, мінез-құлқына әсер етеді. Балалар қуанышты, өздерін еркін де қысылмай ұстаулары тиіс деген ой-пікірлер айтылды.

**Сөйледі:** меңгеруші Р.Мырзараимова - Мерекелік сценарилердің көптеген нөмірлермен шамадан тыс толықтыруға болмайды. Іс-әрекет пен демалу сәтті кезекпен алмасатындай етіп, материалды бөлу абзал. Мерекелік атмосфера құруда жүргізуші үлкен рөл атқарады. Егер ол мерекені жақсы қарқынмен жүргізіп, тілін мәнерлі болса бағдарламаның балаға әсері де ерекше болады. Мерекелік ертеңгіліктер балаларға арналған қуаныш екенін алдымен тәрбиешілер есте сақтауы тиіс. Ол-балалар көпке дейін есінде сақтайтын әсерлердің қайнар көзі. Тәрбиешілер осы айтылған ұсыныстарды ескеріп Алтын күз ертеңгілігінің сценарилерін құрып алып келіңіздер.

### **Шешімі:**

1. Балабақшаның жалпы ата-аналар жиналысын 09 қыркүйек, топтардағы ата-аналар жиналысын 15-16 қыркүйек күндері өткізу  
Жауапты: әдіскер Н.Гаппарова
2. Балабақша жұмыскерлері өз уақытында медициналық тексеруден өту, балалардың денсаулығын үнемі қарау.  
Жауапты: медбике Р.Мырзараимова
3. Бастапқы бақылау мониторингін жүргізу, балалардың жеке даму картасын жасау. Жауапты: топ тәрбиешілері.
4. Жоспарланған іс-шараларды өз мерзімінде, ата-аналарды ұйымдастырумен өткізу.  
Жауапты: музыка жетекшісі С.Оразбаев



Балабақша меңгерушісі:

С.Атыгаева

Хатшысы:

М.Сапарбаева

## **ЖШС «Жанару» бөбекжай - балабақшасы**

### **Меңгеруіш жанындағы кеңестің**

#### **№2 ХАТТАМА**

**24.11.2020**

**Қатысқандар: 11**

#### **Күн тәртібінде:**

1. №2 меңгеруші жанындағы кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингін жүргізу.
3. Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күнін жоспарлау.
4. Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы күзіретті жеке тұлға қалыптастыру.
5. «Мерекеңмен Анашым!» 8 наурыз, «Наурыз келді құт алып!» 22 наурыз мерекелерінің сценарилерімен танысу.

1. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Атыгаева сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталып жылу беру маусымында қазіргі таңда ешқандай техникалық ақаулар болмағанын. Табиғи газдың қысымы жақсы екенін айтты. Балабақшаның температуарсы 22-23 градуста болып тұр. Өткізілген мерекелерге тоқталсам тәуелсіздік күніне арналған ән кешінде балалар жақсы өнер көрсетті. Жоғары деңгейде өтті деп айта аламын. Ал жаңа жылдық мерекеде ортаңғы топ тәрбиешілері балаларды жеткілікті деңгейде дайындамағансыздар. Аяз атамен Қаршақыздың сөздері балаларды икемдеп кетуі сәл де болса кемшіліктеріңізді толықтырып тұрды. Балалар сыйлықтар алған соң әрине қуанып мерекелік көңіл күйде болды. Алда 8 наурыз мерекесі келе жатыр сондықтан әдіскер мен музыка жетекшісіне ортаңғы топтың дайындығына қатты көңіл бөліңіздер деді.

2. Екінші мәселеде Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі туралы болды. Аралық даму мониторингі жаңа үлгіде келгенін әдіскер Н.Гаппарова айтты. Педагог тәрбиешілерді

таныстырып өтті. Бала деңгейін жоғары, орташа, төмен деңгей деп 1 санын қойып белгелеп шығасыздар. Бес білім беру дағдысы бойынша белгілейсіздер деді.

**3.** Ата-аналармен балабақшаның ынтымақтастығын арттыратын тағы бір шара ол «Ашық есік» күні. Ақпан айында балабақшада ашық есік күнін жоспарлайық. Ата-аналар балабақшаның жылы балаларға жайлы екеніне тағы бір рет көз жеткізсін. Таңертеңгі қабылдаудан бастап ашық есік күнінің басталатынын айтып, балаларының балабақшада күні бойы не істейді, не үйренеді деген сұрақтарына жауап ала алады. Ашық есік күнінің бағдарламасын әдіскер А.Жорабековаға дайындауды тапсырды.

**4.** Психолог Г.тилеубаева «Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы күзіретті жеке тұлға қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Қоғам үшін әр уақытта, әр отбасында өсіп келе жатқан ұрпақтың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі, оның қуат алатын қайнар бастауы – отбасы. Өскелең ұрпақтың жарасымды жетілуіне, ақыл-ой, дене тәрбиесінің дұрыс дамуына, адамгершілік қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуына отбасы мен балабақша тәрбиесінің ынтымақтастығы басты міндет болып табылады. Біз балаларымызды өз ойы бар жеке тұлға етіп тәрбиелеуіміз керек. Баланың жан дүниесіне үңіліп, бала жаны нені қалайтынын, неге бейім екеніне назар аударуымыз қажет.

*Баяндама қоса тіркелді.*

**6.** Алдағы мерекелер туралы «Мерекенмен Анашым!» 8 наурыз, «Наурыз келді құт алып!» 22 наурыз мерекелері туралы Әдіскер Н.Гаппарова сөз алды. Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурызды түрлі - түсті етіп безендірілген сахнада аналарымызға мерекелік құттықтаулар, ән, билер арқылы қарсы аламыз. Топ тәрбиешілері балалар жасына ескере отырып сценарилерін дайындаңыздар деді. Меңгеруші С.Гаппарова және педагогикалық ұжым алдағы мерекелік шараларды бірлесе отырып талқылады. Тәрбиешілер ертеңгілікке қажетті тапсырмаларды бөліп өз міндеттеріне алды.

### **Шешім:**

1. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг жасалсын, топтар бойынша жиынтық есеп дайындалсын

Жауапты: топ тәрбиешілері, әдіскер Н.Гаппарова

2. Балабақшада «Ашық есік» күнін 13 ақпан күні жоспарлау.

Жауапты: Әдіскер Н.Гаппарова

3. Алда жоспарланған мерекелік ертеңгіліктерді өз уақытында өткізілсін.  
Жауапты: Г.Каракулова



Балабақша меңгерушісі:

С.атыгаева

Хатшысы:

М.Сапарбаева

**ЖШС «Жанару» бөбекжай балабақшасының меңгерушінің  
жанындағы жиналысының**

**Хаттамасы №3**

Қатысқаны-26

08.01.2021 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні» «Жаңа жыл» мерекелерін талқылау.
3. Жарты жылдық білім деңгейінің қорытындысы.
4. Кіріс құжаттарды талқылау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Сарыева Жадыра сөз сөйледі . Ауданнан келген бұйрықтарды дер кезінде орындап отырғанын айтты. Алдымыздағы өткен мерекелер ата-аналардың көңілінен шығып , алғыстарын айтып кеткенін баяндады. Балалардың тілдерін дамыту барысында жаңа технологияларды қолданып жатқанын жасырмады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Атыгаева сөз алды. «Тәуелсіздік күні» , «Жаңа жыл» мерекелері өз деңгейінде өткенін айтып, қызметкерлерге алғыс жариялады.

Үшінші мәселе бойынша Жарты жылдық білім деңгейінің қорытындысы айтылды. Әдіскер Сарыева балалардың көрсеткіші жақсы екенін айтып, тәрбиешілерді осы қарқынмен жұмыс жасауға шақырды.

Төртінші мәселе бойынша Кіріс құжаттары талқыланды.

Шешеімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балалардың білім деңгейі көтерілсін.
3. Кіріс құжаттары талқылансын.



**ЖШС «Жанару» бөбекжай балабақшасының меңгерушінің  
жанындағы жиналысының**

**Хаттамасы №4**

Қатысқаны-26

02.03.2021 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8-наурыз және Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
3. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралды қолдануды жоспарлау және пайдалану.
4. Аудандық сайыстарға қатысу туралы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Сөзінде өткен кеңестің шешімдері қай дәрежеде орындалып жатқанын айтып, қызметкерлерге өзінің шексіз алғысын білдірді. Барлық қызметкерлерге шығармашылық шарықтау, қиынды,қызықты жұмыстарына табыс тілеп, қызметкердің шабытын көтеріп қойды.

Екінші мәселе бойынша музыка жетекшісі Оразбаев Сабит алдағы келе жатқан мерекелердің іс-шарасымен таныстырып, жоспарды бекітіп алды

Үшінші мәселе бойынша медбике сөз алды. Ондағы мақсат Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралды қолдануды жоспарлау және пайдалану жөнінде сөз қозғалды. Балаларды дені сау етіп өсірудің бір де бір жолы спортпен шынықтыру дей келе тәрбиешілерге өз дәрежесінде спорттық ойын кезінде құрал- саймандарды таза ұқыпты пайдалануға шақырды.

Төртінші мәселе бойынша аудандық іс-шараға қатысу керек екенін ескертіп, әдіскерге, музыка жетекшісіне барлық уақытта балаларды дайындап жүру керек екенін айтып сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Мерекелердің жоспары бекітілсін.
3. Аудандық іс-шараларға қатыстырылсын



Балабақша меңгерушісі:

Хатшысы:

С.Атыгаева

М.Сапарбаева

**ЖШС «Жанару» бөбекжай балабақшасының меңгерушінің  
жанындағы жиналысының**

**Хаттамасы №5**

Қатысқаны-26

04.05.2021 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 1-9 мамыр мерекелерін ұйымдастыру.
2. Балабақшаның санитарлық жағдайын бақылау.
3. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту.
4. Жылдық есеп.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Атыгаева сөз сөйледі. Сөзінде 1-9-ші мамыр мерекелерін ұйымдастыру керек екенін ескертті. Іс-шара түзіп, өз дәрежесінде өтілуін талап етті.

Екінші мәселе бойынша Балабақшаның санитарлық жағдайын бақылауды медбике Бабаева Сапарайға жүктеді..

Үшінші мәселе бойынша Жазғы сауықтыру шараларын бекітуге, жоспар түзуге, іс-шара жасауға медбикеге тапсырды.

Төртінші мәселе бойынша Жылдық есеп беруді жоспарлады.Жылдық есепті меңгеруші өзіне қалдырды..

Шешімі:

1. .1-9 мамыр мерекелерін ұйымдастыру.
2. Балабақшаның санитарлық жағдайын бақылауды медбикеге тапсырды..
3. Жазғы сауықтыру шараларын бекітті.
4. Жылдық есеп жоспары құрылды..



Балабақша меңгерушісі:  
Хатшысы:

С.Атыгаева  
М.Сапарбаева